

Сарытоғайдың Өтегені

Жақсы көретін жұмыстас інім Өтеген Таубаев туралы пікір білдіруді жөн көріп отырмын. Бұл кісі – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ректорының бірінші орынбасары, яғни біздің тікелей басшымыз. Бірақ жұмыс барысында, кездескен кездерде мен Өтегенге бастық лауазымынан гөрі әрқашан күлімсіреп жүретін мейірімді іні ретінде қараймын.

Осы жазбамда мен Өтегеннің ғылыми, әкімшілік-ұйымдастырушылық қызметіне тоқталып жатпаймын. Көптен бері бірге жұмыс істеп келе жатқан әріптес ағасы ретінде өз ойымды білдірмекпін.

Ақжайық ауданының Сарытоғайында дүниеге келіп, мектепті де сонан тәмамдаған Өтеген Байырғалиұлы Алматы зооветеринарлық институтын бітірген соң, Оралдағы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтында жұмыс істей бастады. Содан бері 35 жыл бойы бір орында, осы ұжымда тапжылмай қызмет атқарып келеді. Осы жағынан ол 50 жыл бойы аталмыш оқу орнында жұмыс істеген, жақсы көретін ағасы, профессор Әскерғали Шамғоновқа ұқсайды. Екеуін де университетіміздің бетке ұстар патриоты деп есептейміз.

Өтеген Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтында, кейін Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде ассистенттік қызметтен бастап,

проректорға дейінгі барлық сатыдан абыроймен өтті: кафедра меңгерушісі, факультет деканы да болды. Педагогикалық қызметтің қырын-сырын жете меңгерді.

Әріптестер Өтегеннің қарапайымдылығын бағалайды. Ол студенттермен де, жас оқытушылармен де, тәжірибелі ұстаздармен де, кез келген қызметкермен де емен-жарқын әңгімелесе береді. Үлкенді сыйлайды, кішіні түсінуге тырысады. «Мен – профессормын, доктормын» деп бәлденіп тұрмайды.

Өзінің іскерлігі, тындырымдылығы, кәсібилігі арқасында Өтеген Байырғалиұлы үш ректормен: Қазыбай Қараұлы Бозымовпен, Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиевпен, қазіргі ректорымыз Асқар Мырзахметұлы Наметовпен бірінші орынбасар ретінде бірлесіп жұмыс істеп келеді.

Қандай жағдайда да аспай-саспай, орынды шешім таба білетін Өтеген Байырғалиұлының көптеген марапаты бар.

Солардың ішінен мен «Ерен еңбегі үшін» медалін атап өтер едім. Бұны оның ұзақ жылғы қажырлы еңбегінің дәл көрсеткіші деп білемін.

70 жылдығыма байланысты Өтеген Байырғалиұлы 2008 жылы «Орал өңірі» газетінде мен туралы «Қазақтың Сократы» деген мерейімді асырған мақала жазып, жариялады. Сократтай болу бізге қайда?! Бірақ Сократтан, Конфуцийден, Буддадан бастау алатын философия тарихындағы даналықтың, түсініктің, тәлім-тәрбиенің озық үлгісін жинап, талдап, көпшілікке, жастарға кітаптар, мақалалар арқылы сабақ бергенде, дәріс оқығанда таратып, ұсынып келе жатқаным рас еді. Мен бір кітабымда Абайды «Қазақтың Сократы» деп жазған болатынмын. Абайға мұндай теңеу жарасады. Өтеген інім осы мақаласында мен туралы: «Ол таңдаған жолы мен ісіне жан-тәнімен берілген. Ол даналыққа негізделген қазақ философиясы туралы өткен жүзжылдықтың



тоқсаныншы жылдары мәселе көтерген алғашқы отандық ғалымдар қатарында болды. Ол – даналық пен түсініктің қырларын жан-жақты зерттеп, әлем философиясы шеңберінде қазақ философиясының экзистенциалдық сипатын ашып берген тұңғыш философ-ғалым. Ғалымның көп жылғы еңбегі Алматыда жарық көрген «Даналық пен түсініктің үлгілері», «Философия тарихы» деген көлемді кітаптар арқылы және «Философия тарихына шолу» деп аталатын құндылығы аса жоғары оқулық ретінде жарық көрді», – деп жазыпты.

Мен бұл арада өзімді дәріптеуден аулақпын. Тек

Өтеген Байырғалиұлының көзқарасы мен түсінігі кең әрі мол екенін тілге тиек етпек болғаным. Өтегеннің қызы Ардаққа магистратурада сабақ бердім. Бакалавриатты да, магистратураны да қызыл дипломмен бітірді. Жақсы тәрбие алғаны айдан анық көрініп тұр.

Өтеген інімді мерейлі 60 жасымен құттықтап, 80-нен асқан мен үшін 60 дегенің талтүс екенін білдіріп, әлі талай іс тындырып, талай мақсатты жүзеге асыруға болатынын айтқым келеді.

Тілеужан РЫСҚАЛИЕВ,
профессор

«Өткен күнге көз салмасақ, жаңаша өмір сүру мүмкін емес»

Бұл – ауданымыздың дамуында үлесі салмақты азамат, бүгінде 75 жасын қарсылап отырған Жігербай Қажғалиевтің сөзі. Әрдайым туған жерінің түлеуін, ауылының өркендеуін ойлаған ақсақал өмірінің кезекті белесінде өткен күндеріне үңіліп, бүгінге сабақ болар тұстарын ерекше атап отырады.

Қоғамда еліне аянбай еңбек еткен, туған жердің түлеуі үшін ештеңеден тайсалмаған атпал азаматтар жетерлік. Алғаш еңбек жолын қарапайым жұмысшы болып бастап, біліктілігі мен іскерлігінің арқасында ел басқаруға дейін көтерілген азаматтар қаншама?! Тәуелсіздіктің елең-алаңында тұтас ауылды абыроймен басқарып, халыққа дұрыс бағыт-бағдар бере білген Жігербай Қажғалиұлының ғұмырдариясынан біз де сыр ақтарып көрелік.

Орда ауданының Куйбышев ұжымшары Теректі ауылдық кеңесінде дүниеге келген ол соғыстан кейінгі жылдардың жоқшылығын бала кезінде-ақ сезінді. Зұлматтың зардабын тартқан ауыл-елдің жағдайы мүлдем қиын-тын. Әрі Мәскеудің берген бұйрығымен Орданың жері әскери алаңға айналып, түрлі сынақ жүргізілетін.

1952 жылы Кеңес үкіметі саясатының салдарынан сол жерді мекен еткен қазақтар жер аударылды.

– Әлі есімде, 3-4 үйден жиған-тергенімізді бір көлікке тиеп, «Шапай, қайдасың?» деп, керуен түздік. Қазір ғой, бір отбасы көшсе, жүгі бірнеше

көлікке артылар еді. Сол кезде жағдайдың мүшкілдігі сондай, төрт үйелменнің бар мүлкі бір көлікке сыйып кетті, жиназ деген атымен жоқ заман ғой, тек ыдыс-аяқ, киіз-алашамыз ғана. Біздің көште әкем Қажғали мен анам Бәкиза үш баласымен, көрші Төлепқали ата жолдасы және үш қызы бар еді. Бірнеше күн жол жүрген бізді ауданымыздың Коловертное нүктесіндегі өзен жағасынан орын тепкен жер үйге әкеліп түсірді. Үй деген аты ғана, жартылай топыраққа көмілген баспананың қабырғасы ағаш, шөппен тұрғызылып, төбесін топырақпен жаба салған. Ортасы пешпен бөлінген осы тұрақта екі жанұя тірлігімізді жалғастырдық. Ордадан сол кезде әкем 120 сиыр айдап келген болатын. Оларды қыста тұрғызатын қора-жай да жоқ, қамыста қыстаттық. Соғыстан кейін жағдай әлі түзеле қоймаған еді. Сізге өтірік, маған шын, малға беретін азықтың да дәмін татып көрдік. Қайдан әкелетінін білмеймін, әкеміз малға жмых (ол кезде қазақшасын білмейміз, жымиық деп атайтынбыз, кейінде күнжара деп аударып жүр) әкелетін, әбден уатылып, артынан сығымдалған шемекінің қалдықтары ғой.

Дәмі қышқылтым соны малға беріп, арасында өзіміз де асқа жарататынбыз. Аңда-санда өлшеп қара бидай беретін, соған осы жымиықты араластырып, көже ішеміз. Бізбен бірге көшіп келген Төлепқали ата орыстармен бірге балық аулаған күні біздің үйде той – сорпасын ішіп, бала-шаға бір қуанып қалатын, – деп еске алады кейіпкер.

Осындай қиындықты көріп өскен Жігербай ақсақалды бүгінгі халықтың шыдамсыздығы, қанағатсыздығы, ысырапшылдығы қынжылтады. «Әрине, нарық заманы болғасын, бағаны ауыздықтау мүмкін емес. Бірақ қымбат болса да, дүкен сөрелерінде бәрі бар. Елдің ортасындамыз. «Елде болсын, елде болса, ерінге тиеді» деп шүкіршілік ететін көпті көрген үлкендеріміз. Бұл да бір өтпелі кезең. Жаңа Қазақстанда ұрпағымызға жаңаша өмір сүруді жазсын», – дейді ақсақал.

Ордадан тек адам емес, ауданға тиесілі малды да көшірген екен. Қора-қора сиыр, жүздің үстінде түйе жеткізілген. Ж. Қажғалиұлы бала кезінен еңбекқорлыққа баулыған әкесімен қатар, өзге де жерлерестерін ыстық ықыласпен еске алады. Олардың қатарында ұрпағы туған мекенге туын тігіп, ауылдың өркендеуіне атсалысып жүрген Дініш Қоспаев, Социалистік Еңбек Ерлері Құбай Мұқанақов, Айтқали, Ниетқали Қалисановтар бар.

1952-53 жыл. Қоянның қысының қаңарын жаңа жерге көшірілген шаруалар анық сезді.

Ордадан келген сиырдың 20-сы қырылып, енді олар төрт түлігін «қоян түгел жұтқан» Мерген ауылына көшеді. Қажғалимен бірге келген 100 бас сиырды осындағы барлық отбасына бөліп береді. Күзде бұзауын жинап алып, қора салып, Куйбышев ұжымшарын құрыпты. Сол кездегі жұртшылықтың жоқшылыққа төзімділігінің, қиындыққа мойымағанының, еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін еңбектің қадірін білгенінің арқасы – жұттың зардабын тартқан ағайынның жағдайы бірте-бірте оңала бастады. Өгіз соқамен жер жыртылып, ауыл жұрты түгел қырман басынан табылады. Артынан түскен өнімді кісі басына өлшеп таратады екен.

– Қазір біз керемет қасиетімізден – қанағатшылдықтан айырылып бара жатқандаймыз. Бұрын қаншалықты қиын болса да, ауыртпалықты бірге көтеріп, барды қанағат тұтатынбыз. Бір үйде бес жанұяның адамы тұрсақ та, бір-бірімізбен ренжісіп көрмеппіз. Ал қазір ше? Көршілер түгілі, ағайын араласудан қалды. Араласу түгілі, ұрсысып, төбелесіп жатқандарын да көрдік. Біздің арамсызға іріткі салып, елде бүліктің басталуын күтіп, аңдып отырған жымиысқы ниеттілердің көп екенін кешегі қаңтар трагедиясы дәлелдеп берді емес пе? Билікке айтарымызды алаңға шықпай-ақ, көтеріліссіз де жеткізуге болады, соны санамыздан шығармайық, – дейді Ж. Қажғалиев.

Иә, бұғанасы қатпаған

бала Жігербай еңбекке ерте араласқан. Әкесімен бірге мал баққан ол алғаш рет партаға тоғыз жасында отырыпты. Мектепті бітірген соң Отан алдындағы борышын өтеп, ауылына қайта оралады. Осында алғашқы әскери дайындық бойынша мұғалім болып еңбек жолын бастаған ол артынан Орал қаласындағы А. Пушкин атындағы педагогикалық институттың тарих факультетін тәмамдайды.

Азаматтың тың бастамаларға ұйытқы болып, нағыз жастық тегеурінмен іске кіріскені оның еңбек тәжірибесінен анық көрініп тұр. Оқу ісінің меңгерушісі, Жайық мектебінің директоры, кейіннен осы ауылдың әкімі болып елеулі еңбегімен халық құрметіне бөленген ақсақал әлі күнге аттан түскен жоқ – аудандық ардагерлер кеңесін басқарып келеді. Әрі жұртты бітімгершілікке жұмылдыратын медиатор ретінде де танымал.

– Ордадан арайлы Ақжайыққа қоныс аударғанымызға, міне, 70 жыл. Сол кездегі біз көрген қиындықпен салыстырғанда қазіргі оқай-соқай «мәселелер» түк те емес. Мемлекет жағдайы төмендерді жан-жақты қолдап отыр. Газың, суың үйге кіріп тұр. Өзге елдердегі қақтығыс, атыс-ұрыстың салқынын сезінген бүгінгідей кезеңде бейбіт өмір сүріп, аспанымыздың ашық болғанына шүкіршілік етейік. Жаңа Қазақстанда жаңаша өмір сүрейік, – дейді еңбегі елге елеулі азамат.

Әсем ЕСБЕК